



«БЕКІТЕМІН»

«Отандастар Қоры» КеАҚ президенті

 Д. Қадыров

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025 ж.



«КЕЛІСЕМІН»

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармония директоры

 А.Ж. Абдуалиев

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025 ж.

## Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай шетелде тұратын этникалық қазақтарға арналған Халықаралық «Әлқисса» онлайн домбыра байқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Байқауды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің қолдауымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы мен «Отандастар қоры» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) өткізеді.

2. Байқау онлайн форматта өтеді.

### 2 тарау. Байқаудың негізгі мақсаттары

- Шетелдегі отандастарымыздың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, ұлттық құндылықтарымызды, қасиетті домбырамызды дәріптеу;
- Дирижер, әйгілі күйші, композитор Н.Тілендиевті шетелде насихаттау.

### 3 тарау. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Байқаудың негізгі шарттары:

3. Байқау 2025 жылғы 1 ақпаннан 20 наурыз аралығында қатысушылардан келіп түскен құжаттарды қабылдау. 21-26 наурыз аралығында қатысушылардан келіп түскен құжаттарды қазылар алқасымен қарау, қорытындылау. 1 сәуір күні Астана қаласында Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығының ашылу салтанатында байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі.

4. Байқауға екі жас ерекшелігі бойынша ұлты қазақ шетел азаматтары қатыса алады. Олар: **12-17 жасар** балалар мен **18-25 жас** аралығындағы ересектер.

5. Байқауға Нұрғиса Тілендиевтің репертуарындағы аталған күйлердің бірін домбырада орындап бейнежазбаға түсіріп жіберу қажет: «Алтын дән», «Ата толғауы», «Аңсау», «Темірбектің төкпесі», «Әлқисса», «Баламишка», «Аққу», «Көңілді бикеш», «Теріс қақпай», «Арман» және Н. Тілендиевтің нұсқасындағы халық күйі «Ақсақ құлан».

6. Бейнежазба 1 минуттан кем емес 5 минуттан көп емес болуы қажет және күйді бастамас бұрын қатысушы амандасып, аты-жөні, жасы, тұратын елі және орындайтын күйі туралы қысқаша ақпарат беруі керек;

7. Бейнежазбаның сапасының жақсы болуы, дауыстың анық естілуі және киім үлгісінде қазақша элементтер болуы міндетті;

8. Қатысушы бейнежазбамен қоса №1 қосымшада көрсетілген анкетаны толтырып **Oqbaiqau@gmail.com** эл-поштаға немесе +77471783938 Telegram нөміріне **20-наурызға** дейін жіберуі тиіс;

9. Қатысушы бейнежазбасын жібере отырып, Ұйымдастыру комитетінің әлеуметтік желілерінде жариялануына келісім береді.

10. Ұйымдастыру комитеті конкурсқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін жарнамалық мақсаттарда фото және бейнематериалдарды пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

#### **4 тарау. Ұйымдастыру комитеті**

11. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін осы Қағидаларға сәйкес байқауды өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті құрылады (№2 қосымша).

12. Ұйымдастыру комитеті Байқауды дайындау мен өткізуге басшылықты жүзеге асырады.

13. Байқауды жарнамалау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз хабарламаларын ұсынады және осы Қағидаларды Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының **jambyl-philharmonic.kz** интернет-ресурсында орналастырады.

14. Ұйымдастыру комитеті іс-шараны ақпараттық-жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды.

#### **5-тарау. Байқаудың Қазылар алқасы**

15. Байқауға қатысушылардың өнерін бағалау, сондай – ақ қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды айқындау туралы шешімдер қабылдау үшін осы Қағидаларға №3 қосымшаға сәйкес құрамда Байқаудың қазылар алқасы (бұдан әрі-қазылар алқасы) құрылады.

16. Байқау қазылар алқасының құрамына жетекші мәдениет және өнер қайраткерлері, дирижерлік өнер саласындағы халықаралық байқаулардың лауреаттары кіреді.

17. Қазылар алқасының құрамы, оның ішінде төраға тақ санда болуы керек.

18. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды, хаттамамен ресімделеді және қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

19. Байқау жұмыстарын бағалау Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

#### **Байқаудың қазылар алқасы құқылы:**

1) ұйымдастыру комитеті айқындаған ақшалай сыйлықтарды бермеуге немесе (Гран-придан басқа) үміткерлер арасында бөлуге.

20. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын қазылар алқасының мүшелеріне және мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функцияларын орындайтын адамдарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес гонорар төленбейді

21. Егер конкурсқа қатысушы қазылар алқасының шешімімен келіспесе, онда ұйымдастыру комитетінің төрағасына жүгіне алады.

#### **6-тарау. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері**

22. Қатысушының орындаушылық шеберлігі, сахна мәдениеті, отырысы, киім үлгісінде қазақша элементтердің болуы, бейнежазбаға қойылған талаптарға сәйкес сапалы болуы.

#### **7-тарау. Байқауды қаржыландыру**

23. Байқауды өткізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің қолдауымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы мен «Отандастар қоры» КеАҚ жеңімпаздарға атаулы сыйлықтарын жеке-жеке табыстайды.

#### **Байқау номинациялары бойынша мынадай сыйлықтар белгіленеді:**

##### **18-25 жас категориясы бойынша:**

**(Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы)**

- 1) Гран-при - 400 000 теңге (жеке табыс салығы осы сомманың ішінде)  
Домбыра – Н.Тілендиев жайлы кітап;
- 2) I орын – 250 000 теңге (жеке табыс салығы осы сомманың ішінде)  
Домбыра – Н.Тілендиев жайлы кітап;

- 3) II орын – 100 000 теңге (жеке табыс салығы осы сомманың ішінде) Домбыра және «Н.Тілендиев» жайлы кітап; Шапан («Отандастар қоры» КеАҚ),
- 4) III орын - Тоғызқұмалақ («Отандастар қоры» КеАҚ), Домбыра және «Н.Тілендиев» жайлы кітап;

### **12-17 жас категориясы бойынша:**

#### **(«Отандастар қоры» КеАҚ)**

- 1) I орын – Ноутбук
- 2) II орын – Планшет
- 3) III орын – Смартсағат
- 4) 12-17 жасар үздік 10 қатысушыға «Отандастар қоры» КеАҚ 2025 жылы өтетін «Жас қазақ» жазғы этно лагеріне қатысуға тегін жолдама беріледі.

24. Мүмкіндігінше Ұйымдастыру комитеті Н.Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің орындауындағы концертінің біріне лауреат болған орындаушымен келісе отырып, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының сахнасына өнер көрсетуге шақыру береді.

### **8-тарау. Қорытынды ереже**

25. Осы Қағидаларда көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Нұрғиса Тілендиевтің  
100 жылдығына орай  
Халықаралық «Әлқисса»  
онлайн домбыра байқауына

№1 қосымша

**Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай Халықаралық  
«Әлқисса» онлайн домбыра байқауын өткізу жөніндегі  
қатысушылардың құжатын қабылдау анкетасы**

Қатысушының толық аты-жөні	
Туған жыл, ай, күні	
Жеке төл құжат немесе паспорт номері (құжаттың көшірмесін PDF немесе JPEG форматында жеке жүктеңіз)	
Қатысушы туралы қосымша ақпарат (жұмыс, оқу орны және т.б.)	
Жарысқа дайындаған мұғалімнің аты- жөні (бар болса)	
Байланыс деректері: тұрғылықты мекенжайы, телефоны, электронды поштасы	